

Қорытынды мен ұсыныстар

2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасай отырып, жүргізілген «Өзін-өзі бағалау» қорытындысы бойынша төмендегідей жаңа міндеттер анықталды.

1. Кадрлық құрамға жасалған талдау негізінде:

- Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 30% көтеру.
- Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсетуді жалғастыру.

2. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша:

- 2024-2025 оқу жылына арналған жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасы ескеріле отырып, жасақталсын. қажетті құжаттар қағаз жүзінде тіркеліп, топ бойынша тізім жасақталып, жылдық комплектованияға дайындалсын.

3. Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша:

- жаңа 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыруда ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын формасында жүзеге асыру;
- Педагогикалық шеберлікті дамыту жолында жаңа педагогикалық технологиялар мен инновацияларды меңгеру, өз тәжірибесінде қолдану. Мақалалар, баяндамалар дайындау арқылы озат педагогикалық тәжірибені таратуды жалғастыру;
- Жас маманның әдістемелік тәжірибесін, кәсіби деңгейін арттыруға байланысты іс шараларға қатыстыру;
- Іс-тәжірибелерді «Instagram», «Facebook» желілеріне жүктеу бойынша сауаттылықтарын арттыру.

4. Оқу-материалдық активтер бойынша:

- даладағы спорт алаңын жасанды жабындымен (газон) жабдықтау.
- жертөледегі су құбырларының қалғанын ауыстыру.
- балалар орындықтары мен жұмсақ жиһаздарын ауыстыру.
- тұрмыстық техникаларды жаңалау.

5. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры бойынша:

- дидактикалық және әдістемелік құралдарды жаңарту және толықтыру;
- балалардың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктеріне сай заманауи ойыншықтар алу.

6. Тәрбиеленушілердің білім деңгейлері бойынша:

Мектепке дейінгі ұйым басшысына:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың негізгі бағыттары бойынша жұмысты жалғастыру.
- Педагог мамандар мен азаматтық қызметкерлердің біліктіліктерін үздіксіз және мерзімінде арттыру үшін жағдайлар жасау.
- Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсету.

Мектепке дейінгі ұйым әдіскеріне:

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- Қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;
- Ғылыми негізде вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге әдістемелік көмек беру.
- Педагог қызметкерлердің қалалық, облыстық кәсіби сайыстарға қатысуына әдістемелік көмек беру.

Тәрбиешілерге:

- Білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және Қазақстандық білім берудің үздік практикасын іс-тәжірибеге енгізу.
- Баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекет пен демалыстың дұрыс өзара бірізділігін сақтау.
- Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктер мазмұнын айқындайтын бағдарламаларды жүйелеу.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету.
- Денсаулықты сақтау мәселелері бойынша және санитарлық-гигиеналық жағдайлар мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында медбикемен бірлескен жұмыс жоспарын құру және ата-аналарға консультациялық көмек беру.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны дұрыс жобалай білу.

Педагог қызметкерлерге (пән мұғалімдеріне):

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету.
- Тілдегі бұзылыстардың құрылымы мен көріну дәрежесін анықтаудағы жұмысты жалғастыру. Қажеттілігіне қарай тәрбиешілерге, педагогтарға және ата-аналарға кеңес беру.

- Балалардың сезімдік-эмоциялық қасиеттері мен эстетикалық талғамдарын театрландырылған қойылымдар арқылы дамыту.
- Педагогтар қалалық, облыстық, Республикалық байқауларға тәрбиеленушілерін дайындау және қатыстыру.

Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы және т.б.

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында баланы Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- Балаларға арналған танымдық-мерекелік іс-шараға ат салысу.
- «Буллинг – себептері және оның алдын алу» тақырыбында ата-аналар сауаттылығын көтеру.
- «Instagram», «Facebook» желілеріне салынған іс-шараларға қолдау көрсету. пікір қалдыру

№	Атауы	Жүктеу
1	Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы бұйрық . (pdf)	https://cloud.mail.ru/public/ynpJ/m6mXdg2vM
2	№5 Педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді. (pdf)	https://cloud.mail.ru/public/S179/zxmo4R1aC